Мемлекеттік білім беру тапсырысының қызметтері шарты

Құлсары қаласы № 1 05.01.2025ж.

"Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі,бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын оның атынан Басшы міндетін атқарушысы Танатарова Гулжансара Калиевна 14.01.2021 ж №719-1915-09-КММ Ережесі негізінде әрекет ететін бір жағынан және бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, Жарғы №160-1915-09-НАО-ГП 14.01.2021 негізінде әрекет ететін, Меңгеруші Уразова Марина Назымбековна тұлғасындағы «Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Жауқазын» бөбекжай-бақшасы», екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатын,«Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша көрсетілетін қызметтерге шарттар жасасу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 12 бұйрығы негізінде (бұдан әрі – Қағидалар) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасып, келесілер туралы келісті:

1. Шарттың тақырыбы

1.1 Өнім беруші оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шарттың қосымшаларында көрсетілген шарттарға, талаптарға және бағаларға сәйкес Қызметті(лерді) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда көрсетілген Қызметті(терді) осы Шарттың талаптары бойынша:

081-015-159 Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Жауқазын» бөбекжай-бақшасы» КМҚК мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызметтер;

1.2 Төменде аталған құжаттар және оларда көзделген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2 Шарт сомасы және төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы 159 457 000-00 (Бір жүз елу тоғыз миллион төрт жүз елу жеті мың) теңге 00 тиын болып табылады және оған ҚҚС-сыз (бұдан әрі – Шарт сомасы) Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындар кіреді.

2.2 Аумақтық қазынашылық органында Шарт:

1) **081** Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бюджеттік бағдарламасы, **015** Жергілікті бюджет есебінен кіші бағдарламасы, **159** Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу ерекшелігі бойынша-159 457 000-00 (Бір жүз елу тоғыз миллион төрт жүз елу жеті мың) теңге 00 тиын ҚҚС есепке алмағанда 2025 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Көрсетілген Қызметтер үшін төлемді Тапсырыс беруші Өнімберушінің есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару арқылы Тараптар көрсетілген қызмет актісіне қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

2.4 Көрсетілетін Қызметтер көлемі Тапсырыс берушінің міндеттемелер бойынша бекітілген бюджетінен аспауы керек.

2.5 Төлем алдында қажетті құжаттар:

1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;

2) көрсетілген қызметтердің актісі(-лері);

3) Өнім берушінің әр айдың соңында тиісті айға акт береді.

Өнім беруші жоғарыда аталған тізілім пішімдерінің сәйкестігін қамтамасыз етеді;

3.1 Өнімберуші міндеттеме алады:

1) Шарт бойынша қабылданған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде көрсетілген қызметтердің Шарттың ажырамас бөл
болып табылатын осы Шарттың қосымшаларында көрсетілген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Шарт талаптарын орындау үшін Өнімберуші тартатын персоналды қоспағанда, Тапсырыс беруші неме
оның тапсырмасы бойынша басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын Тапсырыс берушін
алдын ала жазбаша келісімінсіз жария етпеуге. Көрсетілген ақпарат осы персоналға құпия түрде жә
міндеттемелерді орындау үшін қажетті көлемде берілуі тиіс;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз, Шартты іске асыру мақсаттарын қоспағанд
жоғарыда аталған құжаттар мен мәліметтердің ешқайсысын пайдаланбауға;

5) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысы турал
ақпарат беруге;

6) Өнімберушінің Шарт талаптарын тиісінше орындамауы және/немесе өзге де заңсыз әрекеттер
салдарынан Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды толық көлемде өтеуге;

7) электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14
қаңтардағы №12 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысы қызметтерінің шарттарын жасасу
қағидаларына 2-қосымшаның қоса беріліп отырған нысанына сәйкес көрсетілетін қызмет актісін, сондай-ақ
қызметтердегі жергілікті қамту туралы есепті рәсімдеуге және жіберуге, білім алушы білім беру ұйымдарының
нақты контингенті бойынша Өнім берушінің тізілімін рәсімдеу және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы
жіберу;

8) білім беру ұйымындағы білім алушылардың нақты контингенті туралы Ұлттық білім беру
дерекқорындағы (бұдан әрі – БҰҚБ) ақпаратты уақтылы жаңарту;

3.2 Өнім берушінің құқығы бар:

1) Тапсырыс берушінің міндеттемелері бойынша бекітілген бюджеті шегінде Шарт бойынша көрсетілген
Қызметтер үшін төлеуді талап етуге.

3.3 Тапсырыс беруші міндеттенеді:

1) Қызметтерді көрсету үшін Өнімберушінің мамандарына қолжетімділікті қамтамасыз ету;

2) көрсетілетін қызметтерде сәйкессіздіктер анықталған кезде бұл туралы Өнімберушіге дереу хабарлауға;

3) Қызметтерді қабылдау кезінде веб-портал арқылы көрсетілген қызмет актісін бекіту немесе оны
қабылдамаудың дәлелді негіздемесін көрсете отырып, қабылдаудан бас тарту.;

4) міндеттемелері бойынша Тапсырыс берушінің бекітілген бюджеті шегінде осы Шартта белгіленген
тәртіппен және мерзімдерде төлем жасауға.

3.4 Тапсырушының құқығы бар:

1) көрсетілетін қызметтердің сапасын тексеру;

2) жүзеге асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органға жүгінуге құқылы Қазақстан Республикасының
заңнамасына сәйкес білім беру мониторингі;

4 Қызметтер

4.1 Өнім берушінің қызметтерді көрсетуі Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы
жіберілген Шартта көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.

5 Кепілдік

5.1 Өнімберуші Тапсырушыға қызметтердің үздіксіз, сапалы және уақтылы ұсынылуына кепілдік береді.

5.2 Тапсырыс беруші Өнімберушіге осы кепілдікке қатысты барлық шағымдар туралы жазбаша түрде дереу
хабарлауға құқылы, одан кейін Өнімберуші Тапсырыс беруші хабарламада белгіленген мерзімде ақауларды өз
есебінен, соның ішінде онымен байланысты барлық шығындарды жою үшін шаралар қабылдауға міндетті.

5.3 Егер Өнімберуші хабарлау бойынша тиісті түзету шараларын уақтылы қабылдамаса, Тапсырыс беруші
Өнімберушінің есебінен және Шарт бойынша Тапсырыс берушіде болуы мүмкін басқа құқықтарына нұқсан
келтірмей, қажетті санкциялар мен түзету шараларын қолдана алады.

6 Тараптардың жауапкершілігі

6.1 Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

6.2 Тапсырыс беруші Өнім берушіден міндеттемелерді толық орындамаған жағдайда, не міндеттемелерд тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда, әрбір мерзімі өткен күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады).Бұл ретте тұрақсыздық айыбының(айыппұл, өсімпұл) жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

6.3 Айыппұлды (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

6.4 Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Өнімберушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерінің кез келгеніне толық немесе ішінара беруге рұқсат етілмейді.

7 Шарттың әрекет ету мерзімі және бұзу шарттары

7.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесінде тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін жарамды;

7.2 Шарт талаптарын бұзғаны үшін басқа санкцияларға нұқсан келтірместен, Тапсырыс беруші Өнімберушіге міндеттемелерді орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты толығымен немесе ішінара бұза алады:

1) Жеткізуші Шартта көзделген мерзімдерде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту кезеңінде қызметтерді ұсынбаған жағдайда;

2) егер Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаса.

8 Ескерту

8.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама ақылы тапсырысты пошта арқылы немесе веб-портал арқылы жіберіледі.

8.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне енген күні (егер хабарламада көрсетілген болса) қайсысы кейінірек болса, күшіне енеді.

9 Форс-мажор

9.1 Тараптар Шарт талаптарын орындамағаны үшін жауап бермейді, егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың салдарынан болса.

9.2 Шарттың мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауынан тыс және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді: соғыс қимылдары, табиғи немесе табиғи апаттар және т.б.

9.3 Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайда, Өнімберуші Тапсырыс берушіге осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарламаны дереу жібереді. Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулар алынбаса, Өнімберуші ақылға қонымды болғанша Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдайларға тәуелсіз Шартты орындаудың баламалы жолдарын іздейді.

10 Дауларды шешу

10.1 Тапсырыс беруші мен Өнімберуші тікелей келіссөздер процесінде Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін салуы тиіс.

10.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнімберуші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы мәселені шешуді талап ете алады.

11 Басқа шарттар

11.1 Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

11.2 Шарт қазақ тілінде жасалған, бірдей заңды күші бар, веб-портал арқылы жасалған.

11.3 Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

12 Тараптар туралы мәліметтер

Тапсырушы:

"Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі
Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қ-сы, Әбдірахманов көшесі 47
БСН 131040025965
БСК KKMFKZ2A
ЖСК KZ63070102KSN1501000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ
Тел.: 8/71237/5-13-84
Басшы м.а. Танатарова Гулжансара Калиевна

_____

Өнімберуші:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Жауқазын» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Жылқышы Ізтұрғанов көшесі, 9.
БСН/ЖСН 100440013755
БСК EURIKZKA
ЖСК KZ9794808KZT22031007
"Еуразиялық Банк" АҚ
Тел.: 8712375-13-58
Меңгеруші Уразова Марина Назымбековна

_____